

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының және оған Киото хаттамасының ережелерін іске асырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 1205 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 718 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының және оған Киото хаттамасының ережелерін іске асырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 1205 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының және оған Киото хаттамасының, сондай-ақ Париж келісімінің ережелерін іске асырудың кейбір мәселелері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының және оған Киото хаттамасының, сондай-ақ Париж келісімінің ережелерін іске асыруды үйлестіру жөніндегі уәкілетті орган болып тағайындалсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов